

## "ERG Exploration" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жариялық сервитут белгілеу туралы

Костанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 307 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабы 4-тармағының 10) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Бейімбет Майлин ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "ERG Exploration" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2028 жылғы 12 мамырға дейінгі мерзімге жер участке сіне жариялық сервитут белгіленсін:

Бейімбет Майлин ауданының Эйет ауылдық округі, аумағында орналасқан, жалпы ауданы 416,7 гектар, қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін.

2. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің жер қатаистары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде осы қаулының қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына жіберу;

2) қол қойылған күннен бастап осы қаулыны Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің интернет – ресурсына орналастыру және ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына жіберу.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Бейімбет Майлин ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бейімбет Майлин ауданының әкімі

Қ. Мыржақыпов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК